

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

М.ӨТЕМІСОВ АТЫНДАҒЫ
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН
МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ



ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКИЙ
ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ
ИМ. М. УТЕМИСОВА

БҚМУ ХАБАРШЫСЫ

Жылына 4 рет шығады

№ 3 (67) - 2017

ВЕСТНИК ЗКГУ

Выходит 4 раза в год

Орал-Уральск

Выпуск 3 (67) шығарылым
Шілде – Июль, Тамыз – Август, Қыркүйек - Сентябрь
Педагогика, филология, тарих
Педагогика, филология, история



Бас редактор – Главный редактор:

А.С.ИМАНҒАЛШЕВ

педагогика ғылымдарының докторы, профессор/
доктор педагогических наук, профессор

**Бас редакторының орынбасары –
Заместитель главного редактора**

А.С.ҚЫДЫРШАЕВ

педагогика ғылымдарының докторы, профессор/
доктор педагогических наук, профессор

Редакция алқасы – Редакционная коллегия:

Т. Вюнш –	философия докторы (PhD), профессор, Пассау университеті (Германия, Пассау қ.)	доктор философии (PhD), профессор, Университет Пассау (Германия, г. Пассау)
П.М. Кольцов -	т.ғ.д., профессор, Қалмақ мемлекеттік университеті (Ресей, Элиста қ.)	д.и.н., профессор, Калмыцкий государственный университет (Россия, г. Элиста)
А.С. Тасмағамбетов -	т.ғ.д., доцент, М.Өтемісов атындағы БҚМУ	д.и.н., доцент, ЗКГУ им. М.Утемисова
Т.З. Рысбеков -	т.ғ.д., профессор, М.Өтемісов атындағы БҚМУ	д.и.н., профессор, ЗКГУ им. М.Утемисова
А.С. Турчин -	психол.ғ.д., доцент, Иванов мемлекеттік университеті (Ресей, Иванов қ.)	д.психол.н., доцент, Ивановский государственный университет (Россия, г. Иванов)
В.Ю.Салов -	п.ғ.д., профессор, М.Өтемісов атындағы БҚМУ	д.п.н., профессор, ЗКГУ им. М.Утемисова
Г.И.Имашев -	п.ғ.д., профессор, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	д.п.н., профессор, Атырауский государственный университет им. Х.Досмұхамедова
А.В. Скали –	п.ғ.к., доцент, Экономика университеті (Польша, Быдгощ қ.)	д.п.н., доцент, Университет экономики (Польша, г. Быдгощ)
К. Кайнер -	ф.ғ.д., профессор, Йоханнес Гутенберг атындағы университет (Германия, Майнц қ.)	д.ф.н., профессор, Университет им. Йоханнеса Гутенберга (Германия, г. Майнц)
А.Р. Габидуллина -	ф.ғ.д., профессор, Донбасс мемлекеттік педагогикалық университеті (Украина, Горловка қ.)	д.ф.н., профессор, Донбасский государственный педагогический университет (Украина, г. Горловка)
Г.К. Хасанов -	ф.ғ.д., профессор, М.Өтемісов атындағы БҚМУ	д.ф.н., профессор, ЗКГУ им. М.Утемисова
А.Г. Абуханова -	ф.ғ.к., доцент, М.Өтемісов атындағы БҚМУ	к.ф.н., доцент, ЗКГУ им. М.Утемисова

2000 жылдан бастап шығарылады. Жылына 4 рет шығады.

Жинақ ҚР Қоғамдық келісім және ақпарат, мәдениет министрлігінің келісімімен 07.12.1999ж. тіркеліп, №971 – Ж куәлігі берілген.

Жинақ ҚР Қоғамдық келісім және ақпарат, мәдениет министрлігінің келісімімен 09.08.2000ж. қайта тіркеліп, №1432 – Ж куәлігі берілген.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 26.01.2011ж. есепке алу туралы №11389-Ж куәлігі берілген.

Жинақ филология, тарих және педагогика ғылымдары бойынша диссертациясының негізгі нәтижелерін жариялау үшін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитеті бекіткен ғылыми басылым Тізіміне енді.

Издается с 2000 года. Выходит 4 раза в год.

Свидетельство о регистрации издания № 971-Ж от 07.12.1999г. выдано Министерством культуры, информации и общественного согласия РК.

Свидетельство о перерегистрации №1432-Ж от 09.08.2000г. выдано Министерством культуры, информации и общественного согласия РК.

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания и (или) информационного агентства №11389-Ж от 26.01.2011г. выдано Комитетом информации и архивов Министерства связи и информации РК.

Журнал включен в Перечень научных изданий Комитета по контролю в сфере образования и науки Республики Казахстан, рекомендованных для публикации основных результатов диссертаций по филологическим, историческим и педагогическим наукам.

ISSN 1680-0761

© М.Өтемісов атындағы БҚМУ, 2017.
ТІРКЕУ НӨМІРІ 1432-Ж

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ CONTENTS

ПЕДАГОГИКА-ПЕДАГОГИКА-PEDAGOGICS

Кузьмичева А.Е., Сулейменов А.Т. МЕСТО И РОЛЬ ПРЕДМЕТА «МЕТОДЫ МАТЕМАТИЧЕСКОЙ ФИЗИКИ» В ПОДГОТОВКЕ УЧИТЕЛЯ.....	3
Кривирадева Б.И., Фейзулдаева С.А. БАСТАУЫШ МЕКТЕП МҰҒАЛЫМ САБАҚТАСТЫҚ ҰСТАНЫМЫ АРҚЫЛЫ КӘСІПТІК-ТҰЛҒАЛЫҚ ДАЯРЛАУ.....	11
Медешова А.Б., Дарханов Н.А., Акимова С.М., Құрмашева Д.Н., Тлеккабылова Д.Ж., Бакытжанова Г.Б. БАСТАУЫШ БЛПМ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ.....	18
Қуанбаева Б.У., Имашев Г. ГАРМОНИКАЛЫҚ ТЕРБЕЛІС ГЕНЕРАТОРЫН ЗЕРТТЕУДІ ELECTRONICS WORKBENCH БАҒДАРЛАМАСЫ КӨМЕГІМЕН МОДЕЛЬДЕУ.....	27
Жұмашева Н.С. ҒЫЛЫМ РЕТІНДЕ ШЕТЕЛДЕГІ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ПЕДАГОГИКАНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ (ПЛАТОН, АРИСТОТЕЛЬ, М.Ф. КВИНТИЛИАН, Т.МОР, Т.КАМПАНЕЛЛА, Я.А. КОМЕНСКИЙ, И.Г. ПЕСТАЛОЦИИ, Ф.ФРЕБЕЛЬ, М.МОНТЕССОРИ).....	36
Утегенова К.Т., Қужбанова Н.Е. ЭФФЕКТИВНОСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ ИНТЕРАКТИВНЫХ МЕТОДОВ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА В СРЕДНЕЙ ШКОЛЕ.....	44
Қалимбетов Б.Т., Омарова И.М. ФОРМИРОВАНИЕ ПРОЕКТНЫХ И ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ УМЕНИЙ СТУДЕНТОВ ПРИ ОБУЧЕНИИ МАТЕМАТИЧЕСКОМУ АНАЛИЗУ.....	52
Мерхайдарова Н.Н. ОБЩИЕ ВОПРОСЫ ОРГАНИЗАЦИИ ИНТЕРАКТИВНОГО ОБУЧЕНИЯ СТУДЕНТОВ В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ.....	62
Абуова А.Е., Есенаманова Ж.С., Есенаманова М.С., Наурызбаев А., Утеуова П. ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ҚОЛДАНБАЛЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БЛПМ БЕРУ ӘДІСТЕРІ МЕН НЫСАНДАРЫН ТАЛДАУ.....	68
Испулова Р.Н., Қаженов О. ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ УЧИТЕЛЯ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ В УСЛОВИЯХ СОВРЕМЕННОЙ ШКОЛЫ.....	75
Кузьмичева А.Е., Қаримова Д.Қ. СИСТЕМА КОНТРОЛЯ СТУДЕНТОВ БАКАЛАВРИАТА ПО КВАНТОВОЙ МЕХАНИКЕ.....	82
Мұқанова Қ.Қ. ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ НЕГІЗІНДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚИТУ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫ.....	90
Есенаманова М.С., Абуова А.Е., Есенаманова Ж.С., Талапиденова А., Аубекерова Н., Мухамбетова А. ВНЕДРЕНИЕ ПОЛИЯЗЫЧИЯ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНУЮ ПРОГРАММУ В ПЕРИОД ПОДГОТОВКИ ПО ЭКОЛОГИЧЕСКОМУ НАПРАВЛЕНИЮ.....	97

Маратова А.М., Афонин Ю.А. СТРУКТУРНО-ФУНКЦИОНАЛЬНАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА МОДЕЛИ ФОРМИРОВАНИЯ СОЦИАЛЬНО-ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ МОБИЛЬНОСТИ СТУДЕНТОВ ВУЗА.....	103
Жубанова Ш.А. ИНОЯЗЫЧНОЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ОРИЕНТИРОВАННОЕ ОБУЧЕНИЕ МЕЖКУЛЬТУРНОМУ ОБЩЕНИЮ СТУДЕНТОВ НЕЯЗЫКОВЫХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ: НОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ.....	110
Ходжанова Б.Х. МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ӨЛКЕТАНУ БАҒЫТЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАТЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАР.....	116
Абугалиева Г.С. ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В АКМЕОЛОГИЧЕСКОЙ ПОДГОТОВКЕ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ.....	123
Жармаганбетова Н.С., Уалияхметова Ж.Н. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТІ ЖОБАЛАУДЫҢ МАМАН ДАЙЫНДАУДАҒЫ РОЛІ.....	132
Баудиярова Э.Н., Жумагалиева М.Ю. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА БЕЛСЕНДІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ.....	140
Калаханова С.Б. ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ПӘНДЕРДІ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОҚЫТУДА ФРЕЙМДІК ТҮРҒЫНЫ ҚОЛДАНУ.....	150
Кенжетәева А.И. ЭСТЕТИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ ХОРЕОГРАФОВ В ПРОЦЕССЕ НЕПРЕРЫВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ СРЕДСТВАМИ СПОРТИВНОГО БАЛЬНОГО ТАНЦА.....	158
<u>ФИЛОЛОГИЯ-ФИЛОЛОГИЯ-PHILOLOGY</u>	
Темірболат А.Б., Жанбырбаев Б.А. АҢЫЗДАН АҚИҚАТ ТУДЫРҒАН ӘБШІ КЕКІЛБАЕВ.....	167
Хасанов Ғ.К., Құраубай А.С. В.В.РАДЛОВТЫҢ «ОПЫТ СЛОВАРЯ ТЮРКСКИХ НАРЕЧИЙ» СӨЗДІГІНДЕГІ ҚАЗАҚ СӨЗДЕРІ МАҒЫНАСЫНЫҢ КЕҢЕЮІ МЕН ТАРЫЛУЫНА ТАЛДАУ.....	174
Есенова Қ.Ө. СӨЗ ҚҰДІРЕТІН ЗЕРДЕЛЕГЕН ҒАЛЫМ.....	182
Пангереев А.Ш. ЖЕР-СУДЫҢ ЕЖЕЛГІ МӘНІ МЕН МАҢЫЗЫ.....	188
Жигалин Н.С., Иртикеева А.Ф. ФОРМЫ СЛОВА И ПРИДАТОЧНЫЕ ЧАСТИ СО ЗНАЧЕНИЕМ ОДНОВРЕМЕННОСТИ.....	194
Исмаилова Г.К., Фоминных К.И. СОВРЕМЕННЫЕ ЛЕКСИКОГРАФИЧЕСКИЕ ИСТОЧНИКИ НЕОЛОГИЗМОВ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА.....	203
Рахманова Н.М. ТАБИҒАТ ТЕНДІГІН БҰЗУ ТӨРКІНІНЕ БАСТАР ЖОЛ.....	211
Кушкимбаева А.С. ДИАЛОГТЫҢ КЕЙІПКЕР БЕЙНЕСІН АШУДАҒЫ МАҢЫЗЫ.....	218

**ФИЛОЛОГИЯ
ФИЛОЛОГИЯ
PHILOLOGY**

ӨОЖ 821.512.122

Темірболат А.Б. – филология ғылымдарының докторы, профессор,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Жанбырбаев Б.А. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
магистранты
E-mail: bek.kaznu@mail.ru

АҢЫЗДАН АҚИҚАТ ТУДЫРҒАН ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ

Аңдатпа. Мақалада Әбиш Кекілбаевтың прозасындағы аңыздық фабулаларға негізделген лирикалық баллада мен мифтік желілер турасында баяндалады. Жазушының өткен күндер оқиғасын суреттеу арқылы бүгінгі өмірде де өз мәнін жоғалтпаған өзекті әлеуметтік-философиялық мәселелерді қозғандығы ашып талданады.

Тірек сөздер: Мифология, тарихи тұлға, аңыз әңгімелер, роман, суреткер, ұлы әмірші, халық прозасы.

Кемеңгерлік пен кемелділіктің көк жиегін көркем шығармада кеңінен толғап, халқының көнеден келе жатқан аңыз – ақиқат шежірелерінен сыр шертіп, оның бүгінгі заманауи азаматтық болмыспен бірлікте алып қарастыру Ә.Кекілбаев шығармашылығының басты кредосы десек – артық айтқандық болмас. Жазушы, қоғам қайраткері Ә.Кекілбаев өсиеттеп, өндіріп жазатын қаламгер. Оның қаламынан ондаған роман, көптеген повесть-әңгімелер жарыққа шыққан. Алғашқы әңгімелерінен-ақ жазушы өз халқының тарихынан қалам тербейді. Оның «Аш бөрі» әңгімесі қазақтың күй атасы атанған Құрманғазының түрмеден қашып шыққан сәтін бейнелесе, «Бір шоқ жиде» повесінде Төлеу қарттың ұрпағына өсиет етіп қалдырған бебеу күйінің мотивін бейнелейді. Бұл повесте ұрпақ жалғастығы, адам баласының асыл қасиеттері сөз етіледі. Оның шығармаларында көркемдік әлемнің адамды ардақтау, ізгілікті істер атқару, тылсым жұмбақ дүниенің кілтін табу сияқты негізгі адамдық идеялармен астасып жатады.

Әбиш Кекілбаев – адам жанының шындығын танудың алуан түрлі тәсілін шеберлікпен игерген жазушы. Ә.Кекілбаев кейіпкерлері қарапайым адамдар болғанымен, олардың өзіне тән өмірі, тағдыры, мінез-құлқы бар. Жазушы олардың жан дүниесінің тереңіне барады. Кейіпкерінің жеке басындағы түрлі сезім иірімін сипаттай отырып, олардың іс-әрекетіне баға береді. Жазушы кейіпкерінің ішкі толғанысын, жан күйзелісін, жүрек тебіренісін кара сөз құдіреті арқылы толғап жеткізеді. Әбиш Кекілбаев өткен ғасырдың 70-80 жылдар аралығында мәдениет, әдебиет, кино салаларында ұйымдастыру-шығармашылық қызметтерін атқара жүріп, өзінің жазушылық кәсібін алдыңғы қатарға қоя білді. Партияның Орталық Комитетінің мәдениет бөлімінде әдебиет секторының меңгерушілігіне Әбиш Кекілбаев жазушыларға да, қоғамға да сөйлесе, сөзі өтетін, қажет кезінде басқарушы билікке олардың да талап-тілегін, сөзін өткізе алатын беделді қаламгер, тәжірибелі саясаткер ретінде қызметке шақырылды.

Ә.Кекілбаев Орталық Комитеттен Мәдениет министрінің орынбасары қызметіне жіберіліп, қысқа мерзімде қыруар істер атқара алды. Оның «Аңыздың ақыры», «Үркер», «Елең-алаң» тарихи романдары – тек тарихи шежіре емес, бүтінгі қоғам үрдісімен, ұлт мүддесімен астасып, бостандық рухы мен өркениеттің өшпес құндылықтарына ұмтылатын мінез тәрбиелерлік қуатты шығармалар. Әбіш Кекілбаевтың қай қасиетін сөз етсек те, ең алдымен, қазақ санасында оның әдебиет сыншысы, шебер, көркем шығарма жазушылығы алғы кезекке шығады. Әдебиетке бала кезінен мол дайындықпен келгені оның терең шығармаларынан айқын көрінеді. Әдеттегідей жасқана, имене әдебиеттің есігін ашқан жас өскін емес, білімі толық, кемелі келісті, қаламы төселіп, даусы орныққан дарын иесі екендігі шүбәсіз, нық басқан салмақтылықпен келді. Ол өзінің көркем сөз зергерлігімен біздің рухани өмірімізді байытты, көзімізді ашты, көкірегімізге ұлттық сенім, сана ұялатты.

Әбіш – барлық дерлік еңбектерінде қазақ елінің тарихы мен тағдырына тоқталған және тарихты жалықпай көп зерттеген жазушы Ә.Кекілбаевтың тарихи тұлғаларға арналған еңбектерін негізінен екіге бөліп қараймыз: Бірінші, әдеби-көркем шығармалардағы тарихи тұлғалар. Олар: Абыл, Сүйінғара, Бекет ата, Шыңғыс хан, Ақсақ Темір, Әбілқайыр хан, Абылай. Екінші, ғылыми зерттеулерінде қамтылған тарихи тұлғалар. Олар негізінен: Қарабура, Шотан батыр, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Әбілқайыр, Барақ сұлтан. Әбіш – әдебиет майданында кемел ой, көркем сөзімен белгілі жазушы. Қандай шығармасы болса да оқушысын баурап алады. Оның кейіпкері Еңсеп – тек еңбек адамы ғана емес, өнер адамы. Абыл шерткен керемет күйлерді және тарихымыздың аса қиын кездерін суреттейтін шығармасы – халық тағдырын жан-жақты бейнелейтін туынды. Қазақтың атбегілеріне арнаған шығармасы қандай болса, «Автомобиль» де сәйгүлікке мінгендей делебенді қоздырады. Өндіріс пен геология тақырыбына жазған шығармаларында да – «Ұйқыдағы арудың оянуы», т.б. – халқымыздың тарихы қамтылған. Әбіш – барлық дерлік еңбектерінде қазақ елінің тарихы мен тағдырына тоқталған және тарихты жалықпай көп зерттеген жазушы.

Өткен ғасыр қойнауынан сыр шертіп, бүтінгі өмір сырларынан да қанық ететін екі ғасырдың арасындағы алтын көпір іспетті нар тұлға Әбіш Кекілбаев. Жазушының қаламынан туған тарихи романдардың маңызы зор. Ол Әуезов дәстүрінің ізімен тарихи болмысқа қарай ойысып, халқымыздың ұзын сонар тарихи өткен жолын ұқтыруға бағытталған тұста «Аңыздың ақыры», «Үркер» сияқты сүбелі туындыларын әдебиетіміздің қоржынына салған еді. Қаламгер жекелеген адам тағдырлары арқылы тұтас халқтың тарихи көшіндегі кешегісі мен ертеңін суреттеуде соны көркемдік ізденістерге де эстетикалық бағыт-бағдар берді. Заманымыздық заңғар тұлғасына айналған Әбіш шығармаларындағы көркемдік шешімнің нанымдылығы, оқиғалар сюжеттерінің жүйелілігі қаламгердің қарымын, жазушылық шеберлігін танытады. Тарихи романдардағы өмір турасындығы толғаныс, ұрпақ жалғастығы сынды көкейкесті мәселер шебер философиялық толғаммен, суреткерлік талғаммен шебер үндесіп кетеді. Қаламгер жеке адамдардың тағдырын барынша қазып суреттеу арқылы адам құндылығын ірі қоғамдық-әлуметтік өзгеріс аясында көрсетуге тырысты. Романдарында махаббатқа берілген кейіпкерлердің жан толқыны, жүрек лүпілі арқылы жалпы адамзатқа тән сезім күшінің шексіздігін суреттеді. Сол арқылы тарихи романдарының композициясындағы әрбір көркемдік компонент туындының идеялық-эстетикалық мәніне, өзіндік мақсат-мұратына орай туындап отырады.

Әбіш Кекілбаевтың прозалық шығармаларында ХХ ғасыр әлем әдебиетінде ерекше құбылыс туғызған полифониялық романдардың «сана ағымы» (поток сознания) тәсілін еркін меңгергендігімен, мифологиялық элементтерді шығармашылық пен жаңа мазмұнда пайдалану шеберлігімен өз уақытында әдебиет сыншылары мен оқырмандарының қызығушылығын туғызғаны да шындық.

Кезінде қырғыз әдебиетінің өкілі, қоғам қайраткері, жазушы Ш.Айтматов: «Талантты қазақ прозаигы Әбіш Кекілбаев мифологиялық системалар мен структураларды игеру арқылы өткен мен бүгінгінің маңызды мәселелерін қозғай білген» [1, 11 б.] – деуі қаламгер шығармаларындағы аңыздардан ақиқат болмыстың ара-жігін ажырата алып, тарихи шындықты, тарихи фактілермен шендестіре алуын көрсетсе керек.

Сондай-ақ мифтік шығармашылық жазушының асқақ романтикалық энергиясының, күш қуатын арттырып жаңа мазмұнда баяндалған «Аңыздың ақыры» атты тарихи, мифологиялық романын өмірге алып келді.

Миф пен аңыздардың тарихи шығарма үшін тұрақты әрі күрделі негіз болып саналатын көп материалдармен дәлелденеді. Кейбір туындылардың түгелдей дерлік аңыз – әпсана деректеріне сүйеніп жасалатыны да болады. Соның бір мысалы Әбіш Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романы. Бұл шығарманың танытқыштық және тәрбиелік мәні туралы әдеби сында аз айтылған жоқ. Роман көп қырларымен қызықты да, тартымды.

Әбіш Кекілбаев шығармалары аңыздың адамзат өмірінде, оның рухани болмысында ұзақ жасайтындығының жанды бір көрнісі деуге болады. Әлем әдебиетіндегі секілді қазақ әдебиетінде аңыз табиғатын жіті түсініп, көркем шығармада шынайы суреттеу әдістері қарапайым әрі табиғи. Әбіш Кекілбаев тарихқа, тарихи оқиғалар сарынына терең үніліп, өмір тәжірибесін философиялық көзқарас тұрғысынан алып қарайды, осылайша саралай отырып, тарихпен сабақтас бүтінгі өмірлік концепсияны көркемдік өлшем, көркемдік ой – арна, көркемдік шешімен жарқырата көрсетеді.

«Аңыздың ақыры» романындағы: көк мұнара туралы аңыз махаббат мәңгілігінің ғана символы емес, ол талайларды таң қалдырып құдіретті бейнесімен адам жанын екі ұдай сезімге түсіреді: Өміршіні жолынан тайдыра алмаса да, асау айбынын әлсіретіп, өмірдің тылсым тереңіне бой ұрғызады. Қаһарынан Қап тауын ықтырамын деп жүрген көкрегін ашудан да, ызадан да, өшпенділіктен де түгел айырылып, ағысы қатты өзенге абайсыз түсіп кеткен құраған сабандай қаңғалақтап қалады. Сезімі ешбір жойқын жорықтарда қаймықпаған айбыны – ар алдында, көңіл түкпірінде жарқ ете қалған адамшылығы, адами пендешілігі алдында кішірейеді. Ол сонда ғана тізе бүккенін мойындайды: «Пенде біткенен жоғары тұру жалғыз құдайға жарасқан дейді ғой. Адамға біткен астам данқ, астам күш, астам өкімет, астам дәулет, астам өнер түптеп келгенде бәрі де бақыт емес, сор шығар» [2, 175 б.]. Жазушы мұнда өміршінің жан дүниесімен қосыла, үндесе ой толғай отырып, мынау күрделі өмірдің тылсым терең мәнін түсінуге, оның кейбір қалтарыс сырларын барынша ашып көрсетуге тырысқан.

«Аңыздың ақыры» романында автор философиялық, психологиялық тереңдікті танытады. Жазушы тарихи тақырыпқа барғанда да тарихи тұлғаларды бейнелеуден гөрі кейіпкедің моральдық бейнесін жасауға, ал ел аузындағы аңыз – шежрелерден бүтінгі күннің көкейтесті мәселелерін көтеруге баса көңіл қояды.

«Стилевой рисунок Кекилбаева включает в себя спектр детализации, - деп жазды ғалым А.Исмакова өзінің кандидаттық диссертациясында, - полноту описания, чем и отличается от повести. Писатель сознательно развивает и обогащает, наполняет самой жизнью ситуации, занимающие в фольклорной притче второстепенное место» [3, 54 б.].

Кішкентай детальдан философиялық әлеуметтік ой тудітворчестволық кредо еткен жазушы үшін қызыл алма да – деталь, сиқырлы мұнара да – деталь, кіші ханымның түсі де – деталь. Алайда бұлардың бәрі де романда үлкен жүк артып тұрған көркемдік тәсілдер. Осындағы әр деталь сол кезеннің әлеуметтік – қоғамдық мәнін ашып, өлім мен ақиқат алдындағы жалғыздығын, әлсіздігін танытады.

Романның жанрлық ерекшелігі туралы көптеген сыншы – зерттеушілер бұл шығарманы бірде тарихи роман, бірде Еуропа әдебиетінде ертеде кең орын алған жабық романдарға телісе, бірде әлеуметтік-психологиялық романдар қатарына қояды.

«Аңыздың ақыры» атты романын мифологиялық тұрғыдан зерделеп зерттеген филология ғылымдарының докторы А.Жаксылықов: «Роман А.Кекилбаева «Конец легенды» на внешний взгляд производит впечатление произведения, принадлежащего к жанровой типологии исторического романа. Однако ряд признаков, в частности, романтический характер повествования о средневековой эпохе, акцентирование внимания на нравственном отношении героев, тенденция к философскому осмыслению и обобщению перипетий сюжета, доминирование в изображении персонажей психологического анализа сложной формы, «стереоскопическое» укрепление темы идеальной любви, тяготение к символизации сказывания в конечном итоге свидетельствуют о притчевой, мифологической природе произведения» [4,304б], - деп шығарманы типологиялық жағынан тарихи романдар қатарына жатқызғанымен, оның бір қатар айшықты аңыздық белгілерінің мол болуы, бұл туындыны өзгеше аңыздан – аңыз тудырған бітімі бөлек көркем шығарма екендігін атап өтеді.

Ә.Кекилбаев «Аңыздың ақыры» атты романында шығыс елдерінен енген Сүлеймен пайғамбардың бақ пен данқ туралы ойын әміршінің көзқарасымен шеберлікпен дамыта түседі.

Баяғыда сұнғыла Сүлейменге құмырсқа кеп: «Саған жаратқан ием желді неге бағындырып бергенін білесің бе?» - деп сұрапты. «Ол сенің патшалығыңның ақыр түбі желге ұшатынына меңзегені», - депті құмырсқа. Сүлейменнің бұны естігенде есіп ауып кетті. Әлгі құмырсқа: «Алланың әмірін ұлыларға кішілердің сөзі жеткізеді деген осы болады» [2, 19 б.],-деп тайып тұрыпты.

Қазақ әдебиетінде Сүлеймен пайғамбар бейнесінің орын алуын ғалым Ш.Сәтпаев былай деп көрсетеді: «В «Сейфульмалике» немало эпизодов, связанных с перстнем Сулеймана. По мнению А.Н. Веселовского, сказание о Сулеймане первоначально появилась в Индии. Из Индии в тальмудической обработке перешли к мусульманом – персем. К казахом они пришли проникновением абарского фольклора, где Сулеймана был излюбленным персонажом»[5, 74 б.].

Жазушы данқ туралы философиялық жинақтауды ұлы әміршінің өзіндік байлам тұжырымдарымен дамыта түседі. Бақ – аз күндік ырыс, ал данқ – ұрпақтан – ұрпаққа кетер мәңгіліктің несібесі деп түсінеді. Бірақ ол әміршінің ойлағанындай жауыздықпен, күшпен, зұлымдықпен тарамауы тиіс. Халықтық мифология сол кезеннің нақты ақиқат болмысын танытуда жазушының өзіндік қолтанбасымен, реңімен танылып, кейіпкердің ішкі жан – сезім тебіреністерімен ұштасып отырады. Автор романдағы кейіпкерлердің тарихи тұлғалар бейнесін

толық аттарын атамаса да, олардың тарихтан еншілеген өз орындары бар екенін оқырман көпшілікке іштей сезінтіп, іштей толғантасырын бөлістіреді.

«Аңыздың ақырында» бір ғана аңыз емес, халық прозасының бірнеше жанрлары қатар өрілген. Бұл туралы ғалым Р.Бердібаев: «Оқиғалар мен адамдардың іс-әрекеті, мінез, дүниетанымы, этнографиялық белгілерінің молдығы бұл шығарманы тарихи романдар қатарына қосады» [6, 84 б.], - дейді

Романға негізінен тірек болған көк мұнара туралы аңыз болса, онымен қоса шығыстың «Мың бір түн» ертегісіндегі махаббат сезімін суреттейтін сюжеттер мен ислам дінінің қасиетті бес парызының қажылыққа құлшылық ету көріністері қоса баяндалады. Олар автордың халық мифологиясын барынша терең зерделей зерттегенін көрсетеді. Романдағы оқиғалардың басты кейіпкерінің бірі – Жаппар. Жаппар деген есімнің өзі ислам дінімен байланысты. Автор оған бұл есімді тектен – текке беріп отқан жоқ. Әсіресе Жаппардың биік мұнара басынан жердегі тіршілік етіп жатқан адамдар өміріне баға беругі бұған дәлел. «Жатаған үйлердің ара-арасындағы әрлі – берлі жұбап жатқан ноқаттар – есеек мінген, не жаяу кетіп бара жатқан көшедегі жұрт мың сан сұрлеуге түсіп ап, әрлі берлі жөнкіліп жатқан әлдеқандай кішкене мақұлдықтар секілді. Олардың көзге азер шалынатын құрдым қарасы да кісі күлерліктей. Әсіресе, базар маңы құмырсқаның илеуінен бір аумады. Әншейінде арасында жүргенге қызығатын қызылды – жасылды дүниелерде мынандай зенгер биіктен қарағанда құнсыз, қызықсыз, тіпті көзге де ілікпейді» [2, 81 б.].

Автор күннен-күнге биікке бой таластырып өріліп бара жатқан көк мұнараны көкке көтеріліп қана қоймай, Жаппардың ой – санасы арқылы бейдауа тіршіліктің сұрықсыз сұрын суреттейді. Адамдардың не үшін биік мұнара соғып, аспанға ұмтылуының себеп салдарын шебердің ойлы зердесімен шешуге құлаш ұрғызады. Махаббаттың символы болған көк мұнара әлемінің тең жартысын билеген Ұлы Әміршінің адамгершілік, мораль мәселелеріне келгенде тұйыққа тірелгендігін паш етеді. Өзі шығарған әділетсіз тәртіптен өзі жапа шегеді. Қарапайым істе өзі қолынан ешнарсе келмейтін бейшара халге түседі. Әлемдегі тақ иелерінің тағдырын екі ауыз сөзбен шешкен Әмірші өз Отанында, өз ары алдында азапқа түседі. Өзін – өзі іштей мүжіген Әмірші соңғы жорығына аттанады. Қаншама жерді, қаншама халықты бағындырғанымен, адамзаттың еркіндікке ұмтылған асқақ арманын жеңе алмайтындығына көзін жеткізді.

Жазушы шығыс халқының ертегілік сюжетін қазіргі қазақ романында жаңа форма, жаңа көркемдік тәсілмен игерудің мүмкіндіктеріне жол ашады. Кіші ханшаның мұнара басындағы шебер жігітке інкәрлануы және өні емес түсінде махаббатқа мас болуы – жазушының тапқан тың әдісі. Бұрынғы қазақ романдарында кейіпкерлердің жан дүниесіндегі сезім иірімдеріне қаншалықты бой ұрып суреттелінеді дегенімізбен, Кіші ханшаның басындағыдай ішкі монологтың «сана тасқынымен» көрінуі сирек кездесетін бірегей бейне, Қырық қыз бен Ханша – қазақ ертегі аңыздарында ертеден келе жатқан ауызекі аңыз-әңгімесінде қалыптасқан тұрақты образдар. Жазушы бұл жерде негізгі акценті Ханымға арнап отыр. Сонымен қоса орта ғасыр кезіндегі әлеуметтік типтің ортақ қасиеттерін сипаттаумен шектеліп қана қоймай, Ұлы Әмірші мен кіші Ханымның, шебер Жаппардың дара индивидуалдық моральды құлықтарында шебер жеткізе біледі. Адам сезімінің палитрасын қай бояуын да қысылмай – қымтырылмай ойлылықтың диапазонын кеңейтіп суреттейді. Шығарманың композициялық бітімін спиральді түрде емес, қалыпты дамудың циркуляциялық әдісімен шешеді. Бірін – бірі сүймеген Әмірші мен Кіші Ханымның жұбайлық

өмірі романда махаббатың заңдылығымен әділ шешімін табады. Жазушы сол кезеннің адамгершілік – моральдық құлық көз алдымызға алып суреттегенімен, адамзаттың бүгінгі күнгі ішкі рухани өміріндегі нәзік те сезімтал сүйіспеншіліктің құпия сырларымен терең ұштастыра біледі. Сүйгеніне қосылу адамдық бақыттың ең асыл арманы екені белгілі. Бірақ сол кезеңдегі қоғамдық ортаның бітімге келмес карама – қайшылығы шебер Жаппарды да, Кіші Ханымды да дәрменсіз күйге түсіреді. Бірақ бұл екеуінің бойындағы жалындаған оттай ыстық махаббаттың құдірет күші Ұлы Өміршінің санасында орын теуіп келген бұрынғы ойларын күл – талқан етіп көкке бір-ақ ұшырады.

Автор кәдімгі пенденің басында кездесетін бір сәттік бақытты үлкен мифологиялық ойлау жүйесімен жеткізеді. Романда Кіші Ханымның өңі емес, түсіндегі бақыт құшу қалпы нәзік бір сезімдік детальдар арқылы суреттеледі. «Бауыры от құшқандай өртеніп кетті. Бұның баяғыдан бергі сарылып күткен ыстық інкәрі басқа ешкім де, ештеңеде де емес, тек осы ғана. Бауырына кіріп еріп бара жатқан осы бір өндірі жігіт қана... Енді бұларды ешкімде ажырата алмайды. Енді оны құшағынан өмір бақи шығармайды. Ол қасындағы бөгде денені темір құрсауындай сыға түсті, өзі де сығымдалып, оның бауырына кіріп барады. Екеуінің бойындағы қан араласып, бірге ағып бара жатқандай; екі дене бір денеге, жаңа ғана бір-біріне үнсіз телмірген екі адам бір адамға айналып кеткендей» [2, 150 б.], - деп келетін үзіндіден бір кездегі әйел мен еркек бір болған, жасаған күнәсі үшін құдай оларды екі жаққа айырып жіберген деген әлем мифологиясының сюжеттік желісін сезінесіз. Екі дүниеге бөлініп кеткен әйел мен еркек кең дүниеге сапар шегіп кетеді. Бір-бірін шын сүйіп, егізінің сыңарын тапқан адам ғана бақытты болмақ.

Романдағы Кіші Ханым мен шебер Жаппардың басындағы махаббат халі трагедиялық жағдаймен бітеді. Басқаша аяқталуы мүмкін емес. Қаһарынан кара жер сескенген Ұлы Өміршінің жарына қол салу түгіл, бетіне қараудың өзі кешірілмес күнаһарлық еді. Көк мұнараны салған шебер Жаппардың жазалануы романда аңыздық сипат тұтызады. Ұлы Өмірші жазаны көпшіліктің шығарып қойған шешімімен жүзеге асырады. Шебердің екі көзін қарып, тілін кесіп, тіршілік иесіне айналдырып, жанын ғана қалдырады. Романдағы сансапырылысқан ой шашырап кетпей, Ұлы Өмірші бейнесінің сыртқы және ішкі сезім толқыныстарымен бірлікте терең сипаттала түседі.

Ислам әлемінде мұсылман атқарар қасиетті бес парыздың бірі қажылық сапар. Ұлы Өміршінің «түс көру» ойы арқылы суреттелген бұл мотив романның композициялық бітімін ширектіра түседі. Адам баласының хақ тағаланың алдында өз істеген істеріне жауап беру керек. Бұл тек ислам дінінде ғана емес, христан және будда діндерінде де өалыптасқан канондық тәртіп. Өмірші түсінде қасиетті Меккедегі «Қағба тасына» құлшылық ұрып не маңдайын тигізе алмайды, не созған қолы жетпей шерменде халге түседі. Ол көрніс былайша суреттеледі: «Ол үрдіс бойынша екі иығын жоғары – төмен қикақтатып бүлкілдей жүтіріп, қағбаны үш рет айналып шықты. Әр айналып шыққан сайын кара тасқа иілгенмен, ол бәрібір маңайлатпай қойды. Өзге жұрт аузы жетпес, қолдарын тигізіп жатыр. Бұл дегенде кара тас ойнақшып орнында тұрмайды» [2,187 б.]. Міне, осылай әрбір детальға ерекше мән беретін жазушы Ұлы Өміршінің күнәға батқан күнәһарлығын осы бір деталь арқылы жеткізе білген.

Ұлы Өмірші иығына ихрам лыпасын ораған күннен бастап қажылық кісіге қатысты шарттардың бәрінде жасайды. Бірақ бұған дегенде «кара тас» орнында сырғанақтап тұрмай қояды. Жұрт ишараға қой, ешкі атаса, бұл ақ түйе атайды.

Жұрт үш рет қағба тасын айналса, бұл жеті рет айналады. Бірақ сонда да тарғыл тас бұны тізесінен қағып, маңына жолатпайды. Өзінің қандай күнә аркалап, мұндай жазаға тап болғанын түсіне алмай дел-сал болады. Мұсылман қауымының қай жасаған күнәсі де кешіріледі дейтін «Қасиетті Мекке» топырағының кара тасы бұл дегенде иілікпейді. Бұның ішкен киелі «Зәмзәм суы» да көкірегін сілтідей қарып өтеді. Алла тағаланың қай қызметіне әзірмін десе де бұған ешқандай нышан белгісін бермейді. Сөйтіп жұрт алып жатқан қасиетті несібеден де қағылады. Жарты әлемді жамбасына басқан Ұлы Әмірші бұл дүниеде де, о дүниеде де жалғыз қалады. Жалғыздықтан құтылудың жалғыз жолы – қанды жорық. Моральдық жағынан ауыр соққы алған Әмірші соңғы жорығына аттанады. Өшпенділік тек өшпенділікті ғана туғызады. Жауыздықтың не бір түрін балалатып отырған Ұлы Әмірші роман соңында «Барар жерің бәрібір жердің асты» деген шимайланған жазуды оқып, трагедиялық тағдыры тұйыққа тіреледі.

Әбиш шағармаларында аңыз желісінің қолданылуы суреттеліп отырған заман шындығын бейнелеудің, өмір шындығын көркем шындыққа айналдырудың жолы. Жазушы үшін шығарманы аңыздық желіге құру қаламгерлік тәсіл, ой айтудың кілті ретінде қызмет атқару. Бұл сипат оның «Аңыздың ақыры» романында үндесе, сабақтаса, бірін-бірі толықтыра көрініс табады.

Әбиш Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романы идеялық мазмұны мен көркемдік түрі терең келісін тапқан, келісті шығарма. Жазушы романда бірнеше халықтық мифологемдерді синтездеп оларды аналитикалық формада талдап, жаңаша бір мазмұнда баяндап шығады. Мазмұнын бір-екі ауыз сөзбен бітіре салатын аңызды қайта жаңғыртып, оған философиялық– әлеуметтік мән – мағына дарытып, адам баласының адамгершілік, моральдық құлықтары туралы мәңгілік ескерткіш соғады.

Әдебиеттер:

1. *Айтматов Ш. Ә. Кекілбаев. Екі томдық таңдамалы шығармалар. Т. I. – Алматы: Жазушы, 1989. – Б. 10-11.*
2. *Кекілбаев Ә. Аңыздың ақыры. Екі томдық таңдамалы шығармалар. Т. I. – Алматы: Жазушы, 1989. – 400 б.*
3. *Исмакова А. Своеобразие жанровой системы современной казахской прозы. – М.: 1986. – 170 с.*
4. *Жақсылықов А. Образы, мотивы и идеи с религиозной содержательностью в произведениях казахской литературы (типология, эстетика, генезис). – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 422 с.*
5. *Саптаева Ш. Казахская литература и Восток. – Алматы: Наука, 1982. – 282 с.*
6. *Бердібаева Р. Кәусар бұлақ. – Алматы: Жазушы, 1989. – 218 б.*

Темирболат А.Б., Жанбырбаев Б.А.

Әбиш Кекілбаев воплотил легенду в истину

В статье рассматривается лирическая баллада и мифические сюжеты в прозе Әбиша Кекілбаева основанные на мифической фабуле. Описываются социально-философские проблемы прошлого которые писатель затронул и которые не утратили своего значения и по сей день.

Ключевые слова: Мифология, исторический образ, легенды, роман, художник, великий повелитель, народная литература.

Temirbolat A.B., Zhanbyrbayev B.A.

Abish Kekilbayev legend embodied in the truth

The article discusses the lyrical ballad and mythical stories mythical story line based in prose Abish Kekilbayev. Describes that as a writer raised the social and philosophical problems of the past that have not lost their value and on this day.

Keywords: Tythology, historical image, legends, novel, artist, great lord, people's literature.

ӘОЖ 811.512.1.

Хасанов Ғ.Қ. – филология ғылымдарының докторы, профессор,

М.Өтемісов атындағы БҚМУ

E-mail: hasan.gabit@mail.ru

Құраубай А.С. – М. Өтемісов атындағы БҚМУ магистранты

E-mail: kuraubayakgul@mail.ru

**В.В. РАДЛОВТЫҢ «ОПЫТ СЛОВАРЯ ТЮРКСКИХ НАРЕЧИЙ»
СӨЗДІГІНДЕГІ ҚАЗАҚ СӨЗДЕРІ МАҒЫНАСЫНЫҢ КЕҢЕЮІ МЕН
ТАРЫЛУЫНА ТАЛДАУ**

Аңдатпа. Бұл мақалада В. В. Радловтың «Опыт словаря тюркских наречий» сөздігіндегі кейбір қазақ сөздерінің мағынасының кеңеюі мен тарылуы сипатталған. Сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуына негіз болған факторлар айқындалып, сөздердің мағыналары «Қазақ әдеби тілінің сөздігімен» салыстырылған. Аталған мақалада, ең алдымен, қазақ сөздерінің этимологиялық жағынан зерттелуі қарастырылады.

Тірек сөздер: В.В. Радловтың «Опыт словаря тюркских наречий» сөздігі, сөз мағынасының кеңеюі, сөз мағынасының тарылуы, қазақтың байырғы сөздері, мағыналық өзгеріс.

Тіл – өте күрделі қоғамдық құбылыс, процесс. Ол әр мезгілде біркелкі дамып отырмайды. Белгілі бір уақыттың өтуімен байланысты сөз мағыналары өзгеріп отырады.

Сөз мағынасының дамуында сыртқы және ішкі факторлардың әсері мол. Әрбір кезеннің, мезгілдің тіл дамуында өзіндік орны мен үлесі бар. Тілдің дамып, жетілу дәрежесін білу үшін сөздің лексикалық мағынасын, семантикалық мағынасын айқындаудың маңызы өте зор.

«Әдетте қоғамның дамуы, сөз жоқ, болмыс, орта, зат, құбылыс жайында ұғымның жанаруына, тереңдеуіне, өзгеруіне, ақыры кенеюіне әкеледі. Сөз мағынасының кеңеюінің, өзгеруінің басты бір себебі сол сөз білдіретін ұғымның өзгеруінде деп тану қажет» [1, 159 б.]. Мұндай құбылыстарға кірме сөздердің де әсері мол. Кірме сөздердің нәтижесінде сөздік қорымыз байып, синоним сөздердің қатары молаяды. Нәтижесінде бір сөздердің мағынасы тарылып немесе мүлде қолданыстан шығып қалуы мүмкін. Сондықтан бұл құбылыс қысқа мерзімде бола салатын құбылыс емес. Тіпті тілдің ғасырлар бойғы өсіп-өркендеуі халықтың салт-дәстүрлерімен, ой-санасы, ойлау, түйсіну қабілетімен де байланысты [1, 162 б.].